

Байбатырова У.А. ҚР Мәдениет саласының үздігі,

магистр, аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,

Шымкент, Қазақстан

ДАУЫСТЫ ТАҢУ

Әншінің дауыс аппараты қолға ұсталмайды, көзге көрінбейді, тасада болғандықтан тыңдау арқылы және бұлшық еттерінің сезімі арқылы ғана бақылауға тура келеді. Дыбыс қай тұстан шыққанын, ол дыбыс сырылдап тұрма, шырылдап тұрма, көмескі, күңгірт естілеме, дауыс жоғарылап, төмендеп интонациясынан айырылды ма немесе құлаққа жағымды, жұмсақ жинақталған дауыс па дегенді тек қана тыңдау арқылы анықтай аламыз. Әдеттегі осы белгілердің арқасында тәжірибелі ұстаздар дауыстың кемшілігі неден болып тұрғанын анықтап, диагноз қойып, дауысты дұрыс жолға қоюға кіріседі. Ұстаздың ақыл-кеңесін ынта қойып тыңдап, тез арада іске асыру қажет. Студент пен ұстаз арасындағы түсінушілік пен сыйластық қатынасы, келешектегі қиындықтарды бірігіп шешуге ықпалын тигізеді. Алғашқы кезіккен аздаған қиындықтарға төзбей ұстазға сенімсіз қарау, әрбір адамның сөзіне еріп тұрсақ сыздану зиян келтіретінін айта кетуіміз керек.

Ұстаз, студентті, ең алдымен, өзін-өзі бақылай алатын, өзімен-өзі дұрыс жұмыс істей алатын, жағдайда тәрбиелей бастауы қажет. Студенттерге тікелей вокалдық міндеттер қойып, айқын нұсқаулар беріп, оны шешу үшін басты мәселе не дегенді түсіндіріп, мән-мағынасын ашып ұғындыру арқылы мүмкіндік тудырып беру қажет.[1]

ДАУЫСТЫ БАҚЫЛАУ

Енді дауыс аппараты жайындағы әңгімеге көшейік. Тыңдап қабылдаудың сыртында, дауыстың бұлшық еттерінің белсене қатысуы арқылы сезініп, бақылап жүзеге асыруға болады. Ең алдымен қимейді аздап төмен түсіріп беру. Бұл дегеніміз – тілдің түбінің бұлшық еттері төмен түсті деген сөз.

Тілдің түбінің бұлшық еттерін қатайтпай еркін сезіну деген сөз. Жақ, астыңғы иек, көмей бәрі орын орнына келіп, емін-еркін қозғалысқа түсетін жағдайда, ән айтуға дайын болғаны. Әсіресе, астыңғы иектің қозғалысы жұмсарып, жоғарғы-төменгі қозғалысқа кедергі келтірмей, бұлшық еті сәл ғана қатайған жағдайда көмей, жақ, астыңғы иек бәрі қатайып, ән айтуға кері әсерін тигізеді. Астыңғы иекті төмен қарай дұрыс түсіріп, қалыптасудың үлкен мәні бар. Астыңғы тістер көрініп, езу екі жаққа – құлаққа қарай созылған жағдайда тілдің түбі көмейді бітеп, дауыстың еркін шығуына бөгет жасайды. Формасы – ашылған қайшы тәрізді болып келеді. (Кескін №7 а мен б кескінді салыстырып көріңіз). Көмей жоғары шығып, келген дыбыс құлаққа жағымсыз шырылдап, көмей дыбысына айналып (көмей ызыңы – «горловой оттенек») кетеді.

Екінші жағдай, жоғарыда ашқанымыздай, ешқандай кедергісіз тілдің түбінің бұлшық еттері арқылы астыңғы иек төмен түскенде онымен бірге тілдің түбі төмендеп, көмейді орнына келтіреді. Осы кезде астыңғы иек астыңғы еріннің тасасына түсіп, астыңғы тістер көрінбей, үстіңгі тістер аздап көрініп, таңдай тіл арасының қуысы үлкейіп, формасы «тістеуік» заңдас болып келеді.

Дауыс аппаратын осылай орналастырғанда дауыс тәрбиелеп, қалыптастырғанға қолайлы және оң нәтиже береді. Көмейді орналастырудан тыныс алуды бақылау оңайырақ болғанымен, оның да өзіндік қиындықтары толы. Сондықтан, дауыс құрастыру кезіндегі тыныс алу мәселесіне жеке назар аударуымыз керек. Тыныс алу, оны жібермей сақтау жайын №5 кескінде көрсеткенбіз. Сол кезде кеуде қуысы мен



диафрагма қандай жағдайда болатындығы айтылады. Енді тыныс алу функциясын оңайлау қалай бақылауға болады, ол үшін бір қолды кеудеге,

екіншісін құрсаққа (қарынға) қою керек. Алғаш рет тыныс алғанда қарынның үстіне қойылған қол өкпенің төменгі бөлігіне ауа толғанын сезеді. Қарын аздап сыртқа тебеді. Екінші кезең – алған тынысты жібермей сақтау кезеңі, ол кезде кеудедегі қол кеуде клеткасымен бірге аздап көтерілуге тиіс, ал қарын қысылып бастырылған орнына келу керек. Осылай кеуде мен қарын бірі алға шыққанда, бірі кері қайтып, қозғалыс кезектесіп тұруға тиіс.

«Қандай бір қозғалысқа қарама-қарсы күш әсер етеді» деген физика заңдылығы бойынша күшті жоғары жіберу үшін соған қарсы төмен қарай қарсы күш керек деген сөз. Демек, дауыс қанша жоғарыласа, опора сонша төмендесін деген қағида осыдан шыққан.[2]

ДАУЫСТЫ ИГЕРУ

Енді дыбысты резонаторға қалай бағыттау жайына келейік. Ән айтқанда ауыз аздап қана ашылып, еріннің шеңберінен тек қана үстіңгі тіс аттап көрініп тұруға тиіс. Ол кезде көмей шеңбері тілдің түбін байқауға мүмкіндік жоқтықтан алдын ала айнаға қарап тұрып ауызды мүмкіндігінше ашып, таңдай шымылдығы қалай ашылып-жабылады, тілдің түбі қалай қозғалады, соларды жақсылап қарап, біраз жаттығу жасау керек. Сонан кейін дыбыс шығарар кезде дыбысқа кедергі жасамайтындай мүмкіндік туғызып, таңдай көтерілген жағдайда дыбысты маскіге бағыттау керек. Дыбысты маскіге жіберу үшін ауызды жауып, таңдайды көтеріп тұрып ”мөңіреп” дыбыс шығарғанда мұрында (маскада) *діріл* пайда болып сезіледі. Осы дыбысты “биік позиция” немесе дыбыс жоғарғы резонаторға бағытталды дейміз. Осы дыбысты қалыптастыру үшін м немесе н әріптерін қолданған жөн.

Әнші осы жағдайдың бәрін бірінші – сезім арқылы, екінші – музыкалық тыңдау қабілетімен сезіп қабылдай білуі керек, яғни анау дұрыс, мынау теріс дегенге бақылау жасай алатын халде болуы қажет. Неше түрлі машықтанулардың арқасында дұрыс вокалдық рефлекс туындайды

Дауыс – адамға табиғаттың берген сыйы, ол өте қажетті және күрделі орган. Басынан аялап күтуді қажет ететін нәзік құрылым екенін естен шығармау керек.[3]

ВОКАЛЬДЫҚ ТЕХНИКА ЖӘНЕ ТАБИҒИ ДАУЫС

Табиғи талғам

Дауысының әдемілігі, диапазонының кеңдігі, сахнаға сай түр-тұлға, кең тыныс, көмейі де дұрыс орналасқан, жалпы әншіге қажетті элементтердің бәрін табиғат өзі сыйлаған адамдар бала кезінен ән-күйдің әдемілігін сезініп, өздерінің интуициясы арқылы дұрыс қалыптасып кеткендіктен, дыбыс қалай шығарам, тыныс қалай алам, не істеу керек деп ойланып, толғанып жатпайды аузын ашса бітті көмейінен ән төгіліп жатады.

Олар үлкенді-кішілі ортада жиі болып, көпке ерте танылып, ел ілтипатына бөленіп кететіндіктен жеткен жетістіктерін қанағат тұтып, ары қарай тыңғылықты еңбек етуді, музыкалық жоғары білім алудың қажеті аз деп есептейді. Бірақ, ерте бастан ән айтудың қыр-сырын, техникасын жүйелі түрде меңгеріп, дыбыс қалыптастырудың негізіне талдау жасап ұғынбай ән айтуды, әсіресе, кәсіби әнші болуға талаптанғандарға қиынға соғады. Табиғи дауыс шеберліктің орны дауыс аппараты бұзылмаған жас кезінде ғана толтырылады. Табиғи дауыспен классикалық ария, романс айту өте сирек кездеседі. Теріс жағдайда пайдаланғанда, қандай да мықты дауыстың шеңберінің әдемілігі тез тозып, ең алдымен жоғары регистрі бұзыла бастайды.

Қорыта келе әнші әртіс өзінде бар күш-қуат энергиясын дұрыс пайдаланып, дене шынықтыру, оқуға, жаттығуға уақытында дайын болу деген сияқты режимге үйреніп қалыптасуы қажет. Әншілік маман, сергектікті, жинақылықты, ұстамдылықты талап ететін өнер. Әлсіздік, солғындық, селқостану, темекі тарту, арақ ішу денсаулыққа, әсіресе дауысқа кері әсер ететінін естен шығармау қажет.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қожақметова А. Әнді дауыстық дағдыларды үйрету тәсілдері, - Алматы, 2004ж.
2. Абдуллин Э.Б. Музыкалық білім педагогикасының әдістемесі / Алматы – 2009ж.
3. Жұбанова. Ән-күй сапары, - Алматы, 1976ж.
4. Затаевич А.Б. «500 казакских песен» Москва 1931ж.
5. Ахметова М., Ерзакович Б., Жубанова А. Советтік қазақ музыкасы. Алматы Ғылыми 1975ж.